



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

23 ақпан
сейсенбі
№15 (1717)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ҚОЛДАУ

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық экономиканың жетекші күші – шағын және орта кәсіпкерлік деп атап өткен болатын. Осы бағытта қала көлемінде кәсіпкерлікті дамыту бойынша тиісті шаралар қабылданып, нәтижесінде қарқынды өсу көрсеткіштері қалыптасып келеді. Халық игілігіне қызмет ететін кәсіпкерлік нысандары жыл сайын артып отыр.



Кеше қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов «Petro Retail» ЖШС-ның «Qazaq oil» жанар-жағар май құю кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автодәлізінің бойында орналасқан кешен қала іргесіндегі Бірқазан елді мекенінің тұсынан салынған. Бір тәулікте екі ауысымда жұмыс жасайтын 23 маман тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

– Қала аумағында кәсіпкерлікті дамытуға үкімет және қала әкімдігі тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп келеді. Бүгінгі кешеннің іске қосылуы – кәсіпкерлікке көрсетілген қолдаудың жемісті нәтижесі. Кәсіпкерге кешен салуға қала әкімдігі тарапынан жер бөлініп, қалаға қосымша 700 млн теңге инвестиция тартылды.

Жаңа жұмыс көзі ашылды. Қазіргідей қиын кезеңге қарамай кәсіп ашып, тұрғындарды жұмыспен қамтып жатқан азаматтарға алғыс білдіреміз, – деді қала әкімінің орынбасары.

Заманауи стандартқа сәйкес салынған нысанда келушілерге барлық жағдай қарастырылған. Атап айтар болсақ, тамақтану орны, жуыну бөлмесі және сауда нүктесі бар.

– Осындай жаңа жұмыс орны ашылғанына өзін қуаныштымын. Былтыр ғана оқуымды бітіріп үйде бос отырғанмын. Енді, міне, өзін ұнататын жұмысым бар. Бұл біз секілді жастарға берілген мол мүмкіндік, – дейді «Qazaq oil» жанар-жағар май құю кешенінің кассир маманы Жадыра Байжігітова.

– Осындай нысан облыс бойынша 3 жерде ашылып отыр. Олар: Арал мен Қармакшы ауданы және бүгінгі мынау Белкөл кенті тұсындағы нысан. Сондай-ақ Наурыз айында «Qazaq oil» атауымен бір нысан қайта жаңартылып, іске қосылады деп күтілуде. Шілде айында тағы бір бекетімізді қайта жаңғырту жоспарланып отыр. Республика көлемінде 400-ге жуық жанар-жағар май құю бекеті бар. Осында 5 кассир, 3 оператор жұмыс істейді. Бір мезетте 15 колонка жұмыс жасайды. Мұнда жанар-жағармайдан бөлек газ құятын орын да ашылып отыр. Барлығы ел игілігі үшін жасалуда, – дейді «Qazaq oil» жанар-жағар май құю кешенінің бас менеджері Айдар Балғожаев.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ТАЗАЛЫҚҚА КІМ ЖАУАПТЫ?

– Күн жел болса мына жердің қоқысы менің үйіме қарай ұшады. Оның үстіне таңертең тракторды дырылдатып мазаны алса, кешкі уақытта үйімнің жанына машиналарын қояды. Неге арнайы жәшіктер орнатпайды? Сонда мына қоқыс бұлайша шашылып жатпайтын еді – деп тұрғын уәжін айтты.



Қаланың кейбір аумағында қоқыс жататыны жасырын емес. Әсіресе жер үйлер орналасқан аймақтарда мұндай көрініс жиі байқалады. Әр жерде үйілген қоқыстар көше сәнін кетіреді, оның үстіне ауаны да ластайды. Қала ішіндегі қоқысты тазартып жүрген қызметкерлер, арнайы көліктер жоқ емес. Бірақ күл-қоқыс та азаяр емес. Жалпы мұндай жағдайдың орын алуына кім кінәлі? Қала тұрғындары ма, әлде қала тазалығына жауаптылар ма? Бұл – сұрақтың жауабын бейсенбіде қала әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен арнайы баспасөз-туры кезінде тапқандай болдық.

Иә, тұрғынның уәжі орынды. Біз барған Балкөл базар мен Ешанияз сал көшесінің қиылысында қоқыс тиейтін трактордың даусы естілді. Камаз, трактордың гүрілдеген даусы, қарбалас жұмыс. Бұл күн сайын қайталанатын көрініс. Бір күн тазаланбаса көшені қоқыс басып қалуы мүмкін.

– Күнде тазартамыз. Бүгін тап-таза етіп жинап кетсек, ертеңгі күні тағы да қоқыс үйіліп тұрады. Осы кезге дейін бірнеше рет арнайы рейд ұйымдастырып, қоқыс тастаған тұрғындарға айыппұл да салынды. Бірақ оған мән беріп жатқан ешкім жоқ, – дейді «Қызылорда тазалығы» басшысы Марат Жаркеткенов.

2 БЕТТЕ

САРАПТАМА



ЕТ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Қазақ халқы қашаннан әлемдегі етті ең көп пайдаланатын елдердің көш басында тұрады. Расымен, біз ет жемесек тұра алмайтын елміз. Бабаларымыз мал асырап оның өнімін жыл бойы тұтынып келген.

Жә, сонымен тақырыпқа ойысайын. Қыс басталғалы бері нарықта ет бағасы өсіп келеді. Міне, көктем мезгілі де таяу. Дегенмен әлі арзандайтын түрі жоқ. Бүгінде базарда жылқы етінің келісі 2100-2200-ден, сиыр еті 1700-1800 теңгеден сатылуда.

Қала орталықтарындағы сауда нүктелерінің ет сататын бөліміне бара қалсаңыз, баға тіпті шарықтай түскенін аңғару қиын емес. «Келіңіз, ет алыңыз. Жас малдың еті, бүгін ғана сойылған» деп жарыса сөйлеп, тауарын жарнамалап жүргендерді байқайсың. Олардың айтуынша, қазір ет азайған әрі базарға қымбат бағамен түсіп жатыр.

2 БЕТТЕ

ӨМІР-ӨЗЕН

КҮНДЕЙ КҮЛІМДЕГЕН КҮЛСІН

Мен бұл жанды әлеуметтік желі арқылы танимын. Бала кезден дертпен күрессе де еш мойымаған қайсарлығы, оның белсенділігі, өмірге деген құштарлығы ұнайды. Жақынырақ танысып, ол жайлы қалам тербеп, мақала жазғым келді. Сәті де түсті. Мекен-жайын сұрап алып, фототілші әріптесім Нұрболат Нұржаубай екеуіміз қаладағы Жаппасбай батыр көшесіне қарай бет алдық.



«Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген дана шайырлар. Менің кейіпкерім жақсылар қатарынан. Жаны нәзік бола тұра ауыр мұң кешсе де жауға берілмеген Әлия мен Мәншүктей қайсар мінезді Күлсін Арзымбетова да туа бітті белгісіз дертпен өмір бойы айқасып келеді. Бүгінде оның алға қойған айқын мақсаты бар.

Бізді Күлсін апайымыз үйіне шақырды, ұсынысын қуана қабыл алдық. Есікті арбада отырған кейіпкеріміздің өзі жылы жүзімен күлімдеп ашып, қарсы алды. Міне, осылайша өмірдегі таныстық басталды.

– «Жығылғанға жудырық» дегендей 7 сынып оқып жүрген кезімде қатты тұмаурапып, соның салдарынан құлағым естімей қалды. Онсыз да дүдәмал күйде жүрген мен үшін бұл да оңайға соқпады, – деп кейіпкеріміз өткенге сәл шолу жасады. Дегенмен бізге Күлсін апайымызбен әңгімелесу еш қиынға соқпады. Тек оған қарама-қарсы отырып, ақырын ғана сөйлессеніз болғаны. Ол еріннің қозғалысы арқылы екінші адамның не айтып отырғанын біле қояды.

2 БЕТТЕ

ЕТ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

МАЛ БАЗАРДАҒЫ БАҒА

Қала іргесіндегі КБИ шағын ауданында орналасқан мал базарда әр апта сайын сауда қыза түседі. Ауыл-аймақтан ат арытып келгендер базардан қалтасын қалыңдатып қайтқысы келетіні сөзсіз. Маңдай тер, табан етімен баққан малын кім де болса арзанға бергісі жоқ. Ол жағы түсінікті де. Мал сатушылар биыл ет бағасы қымбаттағанын айтады. Олардың айтуынша, бағылған мал шығынды ақтауға тиіс.

– Қыс мезгілі болған соң мал онша қоң жинай қоймайды. Дегенмен жайылымнан бөлек қорада қосымша жем берудің пайдасы бар. Бағымы болғанның пайдасы да жаман болмайды. Халқымызда «Мал баққанға бітеді», «Малдың бегі жарық» деп тегін айтылмаған. Өзім 2004 жылдан бері ет сатумен айналысамын. Қала орталығындағы ет базарларының көбісі менен сауда жасайды. Біз төрт түлікпен өсіп жетілген жүрпиз. Жастайымыздан малдың қыр-сырын менгеріп өстік, – дейді Өмірсерік есімді қала тұрғыны.

Қазір базарда төрт-түлік аз. Себебі жайылымдағы мал әлі толық семіре қойған жоқ. Мына әкеліп тұрған қой, сиырдың



барлығы бордақыланған. Оларға кеткен жем-шөптің шығыны да қоса есептеледі, – дейді сатушылар.

Қала орталықтарындағы сауда нүктелерінің ет сататын бөліміне бара қалсаңыз баға тіпті шарықтай түскенін аңғару қиын емес. «Келіңіз, ет алыңыз. Жас малдың еті, бүгін ғана сойылған» деп жарыса сөйлеп, ет жарнамасын жасаудан жарысады.. Олардың айтуынша, қазір ет азыған әрі базарға қымбат бағамен түсіп жатыр.

– Қазір карантин уақыты, мал етін өзге елдерге экспорттау жағы сәл саябырсып тұр. Бұрынғыдай ағыл-тегіл ет өткізіп жатқандар жоқ. Содан болу керек бізге

де ет қымбат бағамен келеді. Қымбат ет өтпейді. Бұрынғыдай емес, алушы да аз, – дейді Қарлығаш есімді сатушы. Қарлығаштың айтуынша, бытыр рамазан айы кезінде күніне бір сиырдың етін сатып жіберетін кездер жиі болған. Ал биыл бір малдың етін бір аптада әрең өткізетінін жасырмады.

ЖАНАРМАЙ МЕН ЖЕМ ҚЫМБАТ

Серік есімді кәсіпкер қала орталығында тұрады. Соңғы 15 жылдан бері ірі қара малын бордақылап, етін базардағы сатушыларға өткізіп жүр. Айтуынша, ерте

көктемде 50-ге жуық тайынша сатып алып, қыстай жемдеп, сатумен айналысады. Бағаның бұлай қымбаттауына төрт-түлік басының азаюы мен жем-шөптің қымбаттауы әсер етіп отыр.

– Әр үш малдың бірі шығынды жабады, қалған екеуінен пайда түседі. Алыс ауылдағы мал сатушылардың өзі оны қала бағасымен өткізгісі келеді. Өйткені сатып алатын мал жоқ, – деді ол.

ЕТ ЭКСПОРТЫ МЕН ИМПОРТЫ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы берген мәлімет бойынша, 2019 жылы Иранға 789 бас уақ мал, 56 бас мүйізді ірі қара сатылымға шықты. Өзбекстанға 261 бас мүйізді ірі қара мен 181 бас түйе сатылса, Біріккен Араб Әмірлігіне 950 бас уақ мал экспортталды.

Сонымен қатар Чехиядан 280 бас, Германиядан 300 бас, Ресейден 1045 бас мүйізді ірі қара импортталған.

Ал өткен жылы көрші Өзбекстан мемлекетіне 30 бас түйе малы экспортқа шығарылды. Ағымдағы жылдың осы айына дейін Ресей елінен 100 бас мүйізді ірі қара импортталған. Мұның барлығы сайып келгенде ет бағасына өзіндік әсер етері анық. Қазір карантин уақыты болғандықтан шет мемлекеттерге экспорт жағы сәл саябырсып тұр.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ТАЗАЛЫҚҚА КІМ ЖАУАПТЫ?

Бүгінде «Қызылорда тазалығы» мекемесі қала тазалығы үшін қызмет етеді. Мекеменің 42 арнайы қоқыс жинайтын көлігі, 6 камаз, 6 арнайы тіркемесі бар трактор және 3 тиегіш тракторы (погрузчик) қызмет етеді. Сонымен қатар Қызылорданың 813-тен астам көшесінің тазалығын жүргізуге 140 жұмысшы, 58 жүк тиеуші және 60 жүргізуші біріктірілген. Олар екі ауысымда жұмыс істейді. Түнгі уақытта 7 техника қала тазалығымен айналысады. Бүгінде қалдықтарды сұрыптау кешеніне айына санитарлық тазалық бойынша 8500 текше метр, коммерциялық нысандар бойынша 9000 текше метр қоқыс шығарады екен.



– Мекеменің 42 арнайы техникасы қала көшелерінен, жеке үйлер мен көпқабатты тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруға жұмыс жасауда. Мұндағы қызметкерлердің жұмысы таңғы 5.00-де басталады. Негізгі заңнамаға сәйкес әрбір мекеме немесе әр тұрғын өзінің үйінің алдына қоқыс контейнерін қоюға міндетті. Ал контейнердегі қоқысты шығару үшін арнайы мекеменен келісім-шартқа отыруы тиіс, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев.

Десе де тұрғындар арасында талапты орындамайтындар да бар. Сол себепті де үйден шыққан қалдықтар көшенің әр

«Қызылорда тазалығы» мекемесі тазалық үшін тынбай еңбек етуде. Тіпті келісім-шартқа отырудан бас тартқан тұрғындарға да жағдай жасалған. Мәселен, әл-Фараби көшесінің тұрғындарының көбісінде жәшік жоқ. Сондықтан олар өз қоқыстарын күнде арнайы бұрышқа тастап кетеді. Тазалықшылар көше тазалығын сақтау үшін тұрғындардан әр күні сағат 8.00-ге дейін арнайы белгіленген орынға қоқысты шығарып қоюды айтуынша, беймезгіл уақытта да қоқыс тастап кететіндер бар екен.

бұрышына үйіліп қалады. Мұндай олқылықты болдырмау мақсатында қалалық әкімдік арнайы рейд ұйымдастыруда. Шара барысында күндіз не түнде қоқыс шығарған тұрғындарды арнайы құқық қорғау органдары жауапқа тартады. «Дегенмен мұндай тәртіп бұзушылар, белгіленбеген жерге қоқыс тастау фактілері тоқтамай тұр. Сол себептен тазалыққа жауапты мекеме осындай арнайы техникалардың күшімен заңсыз тасталған қоқысты тазартуға мәжбүр», – дейді Біржан Далабаев.

«Қызылорда тазалығы» мекемесі тазалық үшін тынбай еңбек етуде. Тіпті келісім-шартқа отырудан бас тартқан тұрғындарға да жағдай жасалған. Мәселен, әл-Фараби көшесі тұрғындарының көбісінде контейнер жоқ. Сондықтан олар өз қоқыстарын күнде арнайы бұрышқа тастап кетеді. Тазалықшылар көше тазалығын сақтау үшін тұрғындарға әр күні сағат 8.00-ге дейін арнайы белгіленген орынға қоқыстарын шығарып қоюды сұраған. Бірақ мекеме басшысының айтуынша, беймезгіл уақытта да қоқыс тастап кететіндер бар екен. Нәтижесінде ертеңгі күнге дейін тұрған қоқыс шашылып, айналаны ластайды. Ал көпқабатты тұрғын үйлерде орналасқан қоқыс жәшіктерінің уақыттылы тазалануы мекеме бақылауында. Олар белгіленген мерзім сайын контейнерлердегі қалдықты шығарып, сынған контейнер болса қайта қалпына келтіреді.

Қала тазалығын сақтау бір мекеменің ғана жұмысы емес. Тазалықты сақтауды өзімізден бастасақ, көшедегі бей-берекет жатқан қоқысқа, ұшқан пакетке көмілмес едік.

Басы 1-бетте

Аслан ЖАЙҚОНЫСУЛЫ

КҮНДЕЙ КҮЛІМДЕГЕН КҮЛСІН

ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛҒАН ЖАН

1968 жылдың қысында көпбалалы отбасы Камарадин Арзымбетов пен Балапан Жұмабайқызының шаңырағында қыз бала дүниеге келеді. Ол ерекше болып дүниеге келді. Есімін молда болған атасы Үмбікүлсін деп қояды. Азан шақырып қойған есім адам өміріне әсер етеді емес пе... Осы күні көпшілік оны Күлсін деп атап кеткен соң ба айналасына тек күлкі сыйлап отырады.

Өмірге келген тірі жанды әртүрлі сынақ күтіп тұрады екен. Біздің кейіпкеріміз де туа бітті журу мүмкіндігінен айырылған ару. Ол да айналасына қарап, жер басып жүргісі келді. Бірақ оған еш мүмкіндік болмады. Алла солай сынады. Күлсін апайымыз тағдырына бойұсынды, қабыл алды.

Әңгіме барысында кейіпкеріміз: «мүмкіндігі шектеулі жандар екіге бөлінеді. Туа бітті және кейіннен болған дерт. Мен туысымен осы дертпен келемін» деді жанары жасқа тола... Мына пұшайман тірлік кешіп жүргенде жанына барып «шуақ нұрын сыйлаймын» деп ойлайсыз. Адам өмірде «аңсаған армандарына неге жете алмайды екен?» деп тағы ой кешесіз. Сөйтесіз де қос қанатымен су сепкен қарлығаштай бола алмадың-ау деп өкінесіз. Өйткені сіздің көз алдыңызда сол бір жанның мұңлы жанары қадала, бір жақсылық күтетіндей қарайды. Иә, мен де дәл сол кезде сондай сезімде қалдым...

Бірақ ол мен үшін мүмкіндігі шектеулі емес, шектеусіз, мықты жан. Неге десеніз, он екі мүшесі сау, аяқ-қолы балғадай кей жандар өмірдің болмашы сынағынан сүрініп, баз кешіп жатады. Олар әуел бастан Хақ Тағала адамзат баласына тіршілікпен қоса түрлі қиындықты да тарту ететінін түсіне бермейді. Сондықтан да көбі маңдайына жазылған сынақтың ырқына көніп кетеді. Ал тек мықтылар ғана тағдырдың тартуына тура қарап, бас иемейді, кездескен түрлі кедергіні жеңуге тырысады. Күлімдеп отырып күреседі. Міне, Күлсін апамыздың да мықтылығы осында.

Жылады, жылағаны орынды. Себебі онда мықты жүрек бар. Өйткенмен жылағанын ешкімге көрсетпейді. Асанының құрсағынан шыққанда екі аяғы да жансыз, ата-ана, бауырларының қолында, одан бойжете келе арбада отыруды көз алдыңызға бір сәт елестетіп көріңізші... Бір байқағаным, көз жасын бірден сүртіп, артынша қайта күліп, әзілге толы әсерлі әңгімесін жалғастырып кетеді. Сондай сәтте бұлтың артынан жарқырап күн шыққандай болады.

КЛАСТАСТАР, ҚАЙДА?

Балалық шағында ол көп уақытты кітап оқумен, жазуды үйренумен өткізді. Есік алдында ауыл балалары асыр сала ойнап жүрсе, кейіпкеріміз кітаппен дос болды. «Әлі есімде Абай атындағы №130 орта мектебіміңнің бірінші сыныбына барғанда жанымдағылар таяқша салуды үйреніп жатқанда жазуды білетін менің ішім пысып кететін. Себебі оқуды бәрін ерте үйреніп алған едім» дейді күліп.

– Мектепке барғанды қаладым. Әйтпесе біз секілді жандарды үйден оқытады емес пе... Ал мен оған көнбей, арбамен өзім баратынмын. Ауылдағы көше шегеқұм. Арбаның дөңгелегі жүрмей қалатын. Сондай сәттер бастан өтті. Десе де, ол да өзінше қызық мен үшін, – дейді Күлсін апай күлімдеп. Расында да, ол білім алуға құштар болды. Арбамен отырса да ортамен араласуды, көпшілікті ұнатты, ұялмады. Мұның өзі үлкен ерлік. Себебі ол өзін жеңе білді.

«Жақсыға жақсы жолығады» дегендей Күлсін апайымызға тек жақсылар кездесті. Сыныптас достары жақсы көрді. Тіпті достар арасындағы той-томалақ біздің кейіпкерімізсіз өтпейді. Ортасында сыйлы, өзінің орны бар Күлсін апайымыз да бізбен талай қызықты оқиғасымен бөлісті. Осындай сыйластық әлі күнге дейін үзілген емес. Әңгіме арасында білім нәрімен сусындатқан Мәдина Жағыпарова, Мағрипа Әлібекова есімді ұстаздары мен марқұм болған Тынымкүл Байжанова апайына алғысын айтты.

Басы 1-бетте



ТОҚЫМАШЫДАН ТІГІНШІЛІККЕ ЖОЛ

Кейіпкеріміз көлөнерге жақын. Бос уақытын текке өткізгісі келмейді. Бастапқыда ол тоқыма тоқумен айналысты. Білесіз бе, біле білген адамға тоқыма терапиясы оң әсерін тигізеді.

– Көлөнердің бұл түрінің жүйке жүйесі мен ми жұмысын жақсартатынына өз басым көзім жеткен. Себебі тоқыма тоқу – шығармашылық жұмыс болғандықтан, артық ойдан арылып, көңілің ауады. Тоқудың тәсілін ойлап, оның ішіне қалай еніп кеткенінді де байқамай қаласың. Жан-жағыңды ұмытасың. Бар назарыңды соған аударып, жаның тынышталары, – дейді тағдыр сынағына мойымаған көлөнерші бізбен әңгімесінде.

Оның айтуынша, тоқыма тоқуға айтарлықтай шеберліктің, қанмен келер ісмерлік қабілеттің де қажеті шамалы. Тек адамда үйренуге деген ынта мен төзімділік, шыдамдылық қасиет болса, жетіп жатыр. Өйткені біздің кейіпкеріміз де өз бетінше іс тігіп, текті өнерден қуат алып, кәсібін өрге домалатып отырған талапты жанның бірі.

Ол қол қусырып отыруды жаны сүймейді. Ел қатарлы еңбек етуді ойлайды. Тоқымадан соң тігіншілікті үйренгісі келген Күлсін апайымыз Үржамал Дүйсеналиеваның үйірмесіне қатысуды жөн санайды.

Тілші түйіні:

Бүгінгі Күлсін Арзымбетова қандай?

Ол жалғыз емес. Шүкір. Оның жанынан әркез қамқор бауырлары, тілеулес достары табылады. Сонымен қатар қызы, үш немересі бар бақытты ана, жас әже болып отырған жайы бар. Сондай-ақ тоқыма, тігін секілді күнделікті айналысатын сүйікті ісі мен шеберді іздеп тұратын тұтынушылары да баршылық.

Күлсін апайымыздың айтуынша, бұл шағын ауданда көбіне қоғамның әлсіз топтары тұрады екен. Ал біз керісінше мұнда біздің кейіпкеріміз секілді өмірге құштар жандар тұрады деп айтар едік...

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген Нұрболан НҰРЖАУБАЙ

ШЫРАҒДАН



Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібіндегі өзекті мәселе – сапалы білім. Бүгінде оқу мен тәрбие жүйесіне тың жаңалықтар енгізе отырып, жас ұрпаққа сапалы білім беруде Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылдық округіндегі №179 Айтбай Хангелдин атындағы білім ошағының орны бөлек. Облыстық, республикалық тіпті халықаралық деңгейдегі білім сайыстарында оқу ордасының оқушылары үнемі алдыңғы қатарда. Сан мыңдаған шәкірттің жүрегіне білім шамшырағын жағып, бала жанының бағбаны болу қызық та қиын екенін жіті түсінген білім ұясының директоры Асқар Садықов бұл жауапкершілікті абыроймен арқалап келеді. Ауылдағы мектептің жайын білмек үшін арнайы ат басын бұрдық.



АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕ САПАЛЫ БІЛІМ БАР

МЕКТЕП ТАРИХЫ
СЫР ШЕРТЕДІ

№179 Айтбай Хангелдин атындағы мектепке әр жылдары білім саласына бүкіл ғұмырын арнаған ұстаздар басшылық етті. 60 жылдан астам тарихы бар мектеп 1948 жылы бастауыш білім беру ошағы болып ашылады. Мектептің алғашқы директоры Құдайберген Әбдіғалиев.

1964 жылы білім ошағы 8 жылдық мектеп болып өзгерді. Бұл жылдары мектепке Ақтай Мұстафаев, Махамбетжан Әлімбетов басшылық етті.

1970 жылы «Үлгі тірек» мектебі болып аталса, 1973 жылдан бастап орта мектеп болып қайта құрылады. 1971-1988 жылдары Мәлік Науанов, 1988-1998 жылы Сақтапберген Бермағанбетов, 1998-2004 жылы Әбсаттар Әбдіғалпаров, 2007 - 2013 жыл жылы Зухра Абибуллаева, 2013 жылы Мұхтар Беркімбаев, 2018 жылы Гүлзада Нұртасова білім ордасына басшы болды.

Білім ошағында директордың орны бөлек. Ұрпақ тәрбиесімен қатар ұжымды да тәрбиелеу үшін білім мен біліктілік, іскерлік қажет. Ұжымның әрбір мүшесін, тіпті баланың да жай-күйін жанарынан байқайтын сергек басшы ұжымның бақыты. Бүгінде осы үдеден шығып жүрген ұлағатты ұстаз, білікті

басшы Асқар Садықов отыз жыл ұстаздық ғұмырында қыруар еңбек етіп, елдің құрметіне бөленіп келеді. Еңбек жолын мұғалім болудан бастап, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 2002 жылдан бастап мектеп директоры қызметін басқарып келеді. №179 Айтбай Хангелдин атындағы орта мектепке келгелі білім сапасының артуына өз үлесін қосып, қажырлы еңбек етуде.

– Шәкірт өз балаңдай жақын. Халық ұстазды бекерден-бекерге анаға теңемеген ғой. Ұстаз – жай ғана бір кәсіптің, мамандықтың иесі емес, ізгіліктің, адамзатқа тән қымбат қасиеттің жиынтығына

айналған ұғым. Ұстаз – келешекті қалыптастырушы. Білесіз бе, сан жылдар өтсе де, әрбір оқушы мұғалім жадында сол балалық аңғал мінезімен, аппақ көңілімен, риясыз пейілімен, мәңгілік бала бейнесінде жатталып қалатыны бар. Олардың әрқайсысының қылығы, кескін-келбеті, оқу үлгерімі, бәрі-бәрі есінде жатталып қалады, – дейді Асқар Әнуарұлы.

МЕКТЕП ЖЕТІСТІГІ
КӨПKE ОРТАҚ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас

БАЛАБАҚША –
БАҚЫТ
БАСПАЛДАҒЫ

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Жас ұрпаққа тәрбие беруде балабақшаның маңызы зор. Осы орайда №179 Айтбай Хангелдин атындағы білім ошағында «Нұрбөбек» балабақшасы бар. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің заманға сай жабдықталуы бізді қатты қуантты. Мекемеде 10 қызметкер жұмыс жасап, балалардың білім алу жолында аянбай еңбек етіп келеді. Балабақшаның мұнтаздай таза бөлмелерінен олардың тазалықты бірінші орынға қоятынын аңғардық. Бастысы – балғындардың тәлімді тәрбие алып, шығармашылықпен айналысуына барлық жағдай жасалыпты. Балабақшаның мекеменің атқарар ісі ұшан-теңіз екені рас. Қоғамның кішкентай мүшелерінің ертеңгі күні елдің нағыз отансүйгіш, елжанды азаматы болып қалыптасуына алдымен ата-ана жауапты десек, сол тәрбиені ары қарай ұштап, бала санасына сіңіруде балабақша тәрбиешісінің де төгер тері аз еместігі белгілі. Ал «Нұрбөбек» балабақшасының меңгерушісі Серікқұл Шаукиева осы жолда аянбай еңбек етіп келеді.

ОҚУШЫҒА
ҚАРАП, МЕКТЕБІН
ТАНЫ...

Қазақы оюмен тігілген мектеп формасы – білім ұжымы мен ата-ана таңдауы. Еліміз бойынша оқушылар бірдей форма болмаса да, әр мектеп өз мектеп формасын тіктіріп киюде. Бұл балалардың бірдей киінуі үшін әрі мектеп тәртібі үшін де қажет. Оюмен өрнектелген мектеп формасы балаларға сондай жарасымды.



ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», – деп мұғалімдер қауымына үлкен сенім, жауапкершілік артқан болатын. Олай болса, адам баласын ұлы мақсаттарға жеткізетін ұлы күш білім, оны жас ұрпақтың бойына дарытушы ұстаздар қауымы екені сөзсіз. 60 жылдан астам тарихы бар білім ордасының жеткен жетістігі аз емес. Бұл мектептегі бізді қызықтырғаны – күрес үйірмесі. Үйірмеге қатысушылар республикаға шығып облыс намысын қорғап жүр. Жаттықтырушы Аязбек Шүкір – қазақ күресінен Еуразия

ойындарының жеңімпазы, спорт шебері. Үйірмеде 40-тан астам бала жаттығады.

– Күрес десе ішер асын жерге қояр халықпыз. Күш атасы Қажымұқанды, Балуан Шолақтай бабамызды мақтан еткен елміз. Күрес спорт түрі ғана емес, баланы еңбекке тәрбиелейтін орта. Мұндағы жеткіншектер алдағы уақытта әлемдік додаларда бақ сынайды, – дейді спорт шебері.

Оқушылар үшін мектепте үйірмелер жетерлік. Хор үйірмесі, домбыра дейсіз бе, сурет салғысы келеді ме, әркім қабілетіне қарай таңдай алады.

Білім ордасының жетістігі аз емес. Мұғалімдер де республикалық жарыстарда топ жарып жүр. Қалалық «Үздік тәлімгер» байқауында Қазына Ниязова үздіктер қатарынан көрінді. Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттың ұлы мұрасы» халықаралық өнер және білім фестивалінің өтуіне үлес қосып, шәкірттері жоғары нәтиже көрсеткені үшін

Гүлфира Кенжебекова «Үздік жетекші» атанса, «Суретшілер салтанаты» көрмесінде шығармашылығымен ерекшелген Айжан Ештай жүлделі I орынды иеленген.

Айта кетейік, пандемия кезінде ауыл баласы білімнен қол үзіп қалмады. Демеушілердің көмегімен қашықтықтан білім алуға қажетті құрал-жабдық алынды. Бір сөзбен айтқанда сабақтан үзілген кезі жоқ.

Мектеп директоры Асқар Әнуарұлының «жақсылық жаса, қайтарымын күтпе» ұстанымын екенін әңгімелесу барысында байқадық. Ауылдағы тұрмысы төмен отбасыларға әрдайым көмек көрсететініне көзіміз жетті. Ал мектеп ұжымы әрдайым аз қамтылған балаларға қол ұшын созуға дайын.



Түйін. Ауыл балалары үшін сапалы білім алуға еш кедергі жоқ. Уақыт талабына сай мектепте балаларға үш тілді еркін меңгеруге жағдай жасалған. Атап айтқанымыздай, үйірмелер үздіксіз жұмыс істеп тұр. Жас ұрпақ үшін бір ғана міндет – сапалы білім алу, өнерді үйрену.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

